

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
<b>Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)</b>					
<b>Топ/сыныш</b>	<b>Кіші топ</b>				
<b>Тобы, топтың реттік саны, атауы</b>					
<b>Балалардың жасы</b>	<b>2 жасар балалар</b>				
<b>Педагогтің аты- жөні</b>					
<b>Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)</b>	<b>09.01-13.01.2023 ж.</b>				
<b>Апта күндері</b>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сарсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<b>Жұма</b>
<b>Күн тәртібі</b>					
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сұзгі: балалардың терісін, дене қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен</b>	Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың зейін ерекшеліктері", "Баланы қандай түстермен таныстыру керек?",				

<b>әңгімелесу, кеңес беру</b>	"Коршаған заттардың тұстери және баланың денсаулығы".				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Терезенің әйнегінде қырау оюлары бар болса, байқату; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару.	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шакыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту; қолдарын өздігінен сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сұлғімен сұртуді көрсету; орамалдың іletін орнын тапқызу, мақтау.	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сұрту және ойыннан кейін бөлшектерді өздігінен орнына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру.	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнауға деген қалауын айтуда, көрсетуге, атауда үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау.
<b>"Қар" саусақ жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру;	<b>"Қар" (Қ. Мырзалиев) тақпагын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды қар туралы тақпақты, педагогтің үлгісіне ілесіп, мәнерлеп айтуда, қимылдауға	<b>"Аққаланы құрастыр" үстел ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді	<b>"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұфымдарды қалыптастыру;	<b>"Қолғап" қимылды жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің сонынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету;	

	<p>жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу.</p> <p>Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады.</p> <p>- Ақ мақтадай ұлпа қар (саусақтарды жыбырлату)</p> <p>Жамылыпты қырқалар. (қолдарды төмен бұлғау)</p> <p>Қалың-қалың тоң киіп, (алақандарды бір-біріне уқалау)</p> <p>Маужырайды шыршалар. (колдарды косу, үйықтап қалғанды көрсету)</p> <p>Ш. Әлдібекұлы. (сөйлеуді дамыту, дene шынықтыру)</p>	<p>ынталандыру; қыс мзгілі, қар туралы ұғымдарды тиянақтау.</p> <p>Педагог құлаққа жағымды әуенді немесе қардың түскені туралы бейнежазбаны көрсетеді.</p> <p>"<i>Kap</i>".</p> <p>- Жапалақ қар,</p> <p>Армысың?</p> <p>Дүниеде бармысың?</p> <p>Қысқы дала тәуелді,</p> <p>Жау, жау енді!</p> <p>Ұзақ уақыт қалықтар,</p> <p>Жау, жау енді,</p> <p>Мамық қар!</p> <p>Қ. Мырзалиев.</p> <p>(көркем әдебиет)</p>	<p>ажыратуға жаттықтыру;</p> <p>жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.</p> <p>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі ақ түсті дөңгелектерді, көздерін, сәбізден мұрнын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады.</p> <p>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтады, қимылдар жасайды.</p> <p>- Аққала денесі дөп-дөңгелек, (кос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шенберлер сызы)</p> <p>Дөңгелек басына киген көк шелек,</p>	<p>жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.</p> <p>Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамырын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.</p> <p>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін.</p> <p>- Қарға не біолды?</p> <p>- Иә, қар ұшып кетті.</p> <p>- Ұзақ уақыт қалықтар,</p> <p>Жау, жау енді,</p> <p>Мамық қар!</p> <p>Қ. Мырзалиев</p> <p>Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамырын), алақанына</p>	<p>қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>- Балалар, ал қазір қолғаптарымызben әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.</p> <p>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)</p> <p>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)</p> <p>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)</p> <p>Киіп алсақ – жарап түр. (алақандармен ары-бері бұрандау)</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, дene шынықтыру)</b></p>
--	--	--	--	--	--

			<p>(алақандармен бастың төбесін жабу) Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау) Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауда кішкентай шеңберлер сызу. <b>(сойлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b></p>	салатындаі көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес. <b>(сойлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b>	
Тәнертеңгі жаттығу	<b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b>		<p>1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру. 1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу. 1–2 бір қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру, екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет). 2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алға екі қолмен ұстап тұру. 2–1 жерге отыру, допты жерге қою. 2–2 бастапқы қалыпқа келу; 2–3 жерге отыру, допты жерге қою; 2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет); 3. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алға екі қолмен ұстап тұру. 3–1 енкею, допты жерге қою. 3–2 бастапқы қалыпқа келу;</p>		

	<p>3–3 еңкею, допты жерге қою;</p> <p>3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дene шынықтыру)</b></p>																									
<b>Таңғы ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Балаларды тамақтану рәсіміне баулу.</p> <p>- Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жұру), Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бұғу), Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ыскылау). Алақан су, су (саусақтарды қозғау), Сұлгі алыш, сұртеміз (алақандарды үйкелеу), Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау).</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>																									
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекеттіне бірізділіктеге жағымды эмоциялық ахуалда аудысу үшін бәсендедеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.</p> <p>Қар жауса, қар жауса, Куанады балалар. Аппак тау, аппак шатыр, Бүкіл жерде қар жатыр.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>																									
<b>Білім беру үйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 25%;">Дене шынықтыру</td> <td style="width: 25%;">Музыка</td> <td style="width: 25%;">Дене шынықтыру</td> <td style="width: 25%;">Дене шынықтыру</td> <td style="width: 25%;">Сурет салудан ойын-жаттығу</td> </tr> <tr> <td>"Қыс қызығы қарда".</td> <td>"Ақша қар".</td> <td>"Қыста қандай тажап".</td> <td>"Қысқы ормандағы андар".</td> <td>"Ақша қар".</td> </tr> <tr> <td>Мақсат-міндеттер.</td> <td>Мақсат-міндеттер.</td> <td>Мақсат-міндеттер.</td> <td>Мақсат-міндеттер.</td> <td>Мақсат-міндеттер.</td> </tr> <tr> <td>Бір орында тұрып қос аяқтап секіру</td> <td>Балаларды музыканы тыңдай отырып,</td> <td>Бір орында тұрып,</td> <td>Балаларды еңіс тақтайдың үстімен</td> <td>Балаларды бормен қысқа сызықтарды айқастырып салып</td> </tr> <tr> <td>іскерліктерін жетілдіру; балаларды дыбыстарды ажыраты</td> <td>жоғары және тәмен</td> <td>қос аяқпен ұзындыққа секіру</td> <td>жоғары және тәмен</td> <td></td> </tr> </table>	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Сурет салудан ойын-жаттығу	"Қыс қызығы қарда".	"Ақша қар".	"Қыста қандай тажап".	"Қысқы ормандағы андар".	"Ақша қар".	Мақсат-міндеттер.	Мақсат-міндеттер.	Мақсат-міндеттер.	Мақсат-міндеттер.	Мақсат-міндеттер.	Бір орында тұрып қос аяқтап секіру	Балаларды музыканы тыңдай отырып,	Бір орында тұрып,	Балаларды еңіс тақтайдың үстімен	Балаларды бормен қысқа сызықтарды айқастырып салып	іскерліктерін жетілдіру; балаларды дыбыстарды ажыраты	жоғары және тәмен	қос аяқпен ұзындыққа секіру	жоғары және тәмен	
Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Сурет салудан ойын-жаттығу																						
"Қыс қызығы қарда".	"Ақша қар".	"Қыста қандай тажап".	"Қысқы ормандағы андар".	"Ақша қар".																						
Мақсат-міндеттер.	Мақсат-міндеттер.	Мақсат-міндеттер.	Мақсат-міндеттер.	Мақсат-міндеттер.																						
Бір орында тұрып қос аяқтап секіру	Балаларды музыканы тыңдай отырып,	Бір орында тұрып,	Балаларды еңіс тақтайдың үстімен	Балаларды бормен қысқа сызықтарды айқастырып салып																						
іскерліктерін жетілдіру; балаларды дыбыстарды ажыраты	жоғары және тәмен	қос аяқпен ұзындыққа секіру	жоғары және тәмен																							

	<p>1 м арақашықтыққа дейін қос аяқтап секіріп жүру дағдыларын дамыту; қос аяқпен секіру кезінде дene тепе-тендігін сақтауға дағдыландауры; еki баладан жұп құрап, қолдарына доп ұстап 4-5 м жерден бір-біріне қарама-қарсы тұрып, доптарын бір-біріне қарай домалатып тигізу; ұйымдастырылған іс-әрекетіне деген белсенділіктерін арттыру.</p>	<p>білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландауры; қыс мезгіліне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.</p>	<p>іскерліктерін қорытындылау; балаларды ұзындыққа секіру техникасы дағдыларын бекіту; қос аяқпен секіру кезінде дene тепе-тендігін сақтауға дағдыландауры; ұйымдастырылған іс-әрекетінде өткен жалпы дамыту және негізгі қимыл жаттығуларын пысықтау.</p>	<p>жүрге үйрету; жүру кезінде алға қарап және қолдарын еркін ұстап, дene тепе-тендігін сақтай білу дағдыларына машиқтандауры. Балалардың еніс тақтайдаң үстімен жоғары және төмен жүру икемділіктерін жетілдіру; қол, дene, аяқ бұлышық еттерін, дene тепе-тендігін сақтау ептілігін дамыту; еніс тақтайдаң үстімен жоғары және төмен жүру кезінде алға қарап және қолдарын еркін ұстай білу дағдыларын қалыптастыру; ұйымдастырылған іс-әрекетіне белсенді араластыру.</p>	<p>"Ақша қарлар" бейнелерін бүкіл қағаз бетіне салуға үйрету; қар бейнесінің аяқталуын бақылап, дәл сондай бейне жасау қабілетін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне және шыдамдылық пен үқыптылыққа тәрбиелеу.</p>
<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атаяуын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық				

	дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p>Қысқы шыршаны бақылау. (қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың шырша ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатьп, жапырақтарға ұқсамайтынына және түсіп қалмайтынына назар аудару;</p> <p>шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.</p> <p>Педагог балаларды</p>	<p>Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларға қыс мезгілі ұғымдар беру,</p> <p>қыстың ауа райы бүлттү және ашық, сүйк болуына көңіл аудару, адамдардың жылды киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>- Балалар, айналға қарандаршы.</p> <p>- Иә, айналада қар жатыр.</p> <p>- Аспанымыз сұр (көгілдір).</p> <p>- Бірақ қыста күн</p>	<p>Қолғапқа түскен ақша қарды бақылау. (қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларға қолғапқа түскен, салмагы жеңіл, көлемі кішкентай, ақша қарды бақылауға үйрету; ақша қардың оюға, гүлге үқсағандығын байқату; көрген құбылыстан жағымды әсер алуға ынталандыру.</p> <p>- Балалар,</p> <p>- Аспанымыз созып, алақандарынды ашындаршы.</p> <p>- Қолғаптарға не түсті?</p>	<p>Қарды бақылау (кардың жауған алқабы). (қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың табиғат құбылысы, қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуда ынталандыру.</p> <p>- Балалар, бәрекелді!</p> <p>- Қарандаршы, айналада не жатыр?</p> <p>- Иә, бұл қар.</p> <p>- Қар қайда жатыр?</p> <p>- Айналаның бәрі аппак.</p> <p>- Жапалақ қар, Армысың?</p>	<p>Қарды бақылау (кардың жерге түсі). (қоршаган ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырында түскеніне көңіл аудару, қардың көп болғанын байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын дамыту.</p> <p>- Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету),</p> <p>Міне, жинады тауды (шапалақтау).</p> <p>Міне, ақшақарым-ай</p>

	<p>жасыл шырша алдына алып келеді.</p> <p>Аулада шырша өспеген болса,</p> <p>педагог жасанды шыршаны аулаға уақытша шығарып коя алады.</p> <p>- Балалар, мынау не?</p> <p>- Жарайсындар, бұл шырша.</p> <p>- Қарандаршы, шырша ағашы бізге қуаныш тұрған сияқты.</p> <p>"Шырша".</p> <p>Қызық-думан күн келді,</p> <p>Жасыл шырша түрленді.</p> <p>Аяз сүйіп, терленді,</p> <p>Үйге кірді төрледі.</p> <p>Ә. Табылдиев</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b></p> <p>балаларды шыршаның айналасын түсіп</p>	<p>сүйк.</p> <p>- Адамдарға қарандаршы, жылы киінді.</p> <p>- Біз нені кидік?</p> <p>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.</p> <p>- Қыс мезгілі. Сүйкта Қар жауады қалықтап.</p> <p>Қар жауады қалыпта,</p> <p>Аппақ қабықпен қаптап.</p> <p>Қыс мезгілі. Аппақ қала.</p> <p>Ақ көшелер. Ақ сала.</p> <p>Ақ көшелер. Ақ сала.</p> <p>Д. Ахметова.</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b></p> <p>балаларды участкедегі орындықтарды қылشاқтар арқылы қардан тазалауға</p>	<p>- Иә, ақша қарлар түсіп жатыр.</p> <p>- Ақша қарлар оюлы Күн көзіне жылтырайды.</p> <p>Ақша бұлттың гүлдері</p> <p>Баяу ұшып, асықпайды.</p> <p>- Ақша қарлар неге үқсайды?</p> <p>- Жарайсындар, ақша қарлар кішкентай гүлдерге үқсайды.</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b></p> <p>балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b></p> <p>балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машиқтандыру;</p> <p>топтастырымен бірге әрекет етуге баулу;</p> <p><b>Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары:</b></p> <p>балаларды қарды күректермен күреп, жүргүре арналған жолдарды жасауға шақыру.</p> <p><b>Кимылды ойыны.</b></p> <p><b>"Пингвиндер сапта жүреді". (дене</b></p>	<p>Дүниеде бармысын? Қысқы дала тәуелді, Жау, жау енді!</p> <p>Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар!</p> <p><b>К. Мырзалиев Еңбекке баулу тапсырмалары:</b></p> <p>балаларды қарды күректермен күреп, жүргүре арналған жолдарды жасауға шақыру.</p> <p>Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету),</p> <p>Міне, жинады тауды (шапалақтау),</p> <p>Міне, басты балақай (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді),</p> <p>Аяқпенен тәй-тәй (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді).</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b></p> <p>балаларды қарды күректермен күреп, жүргүре арналған жолдарды жасауға шақыру.</p>
--	--	---	--	---

	<p>қалған қоқыстардан тазалауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p><b>"Шыршаны айнала билейік" қимылды жаттығу. (дene шынықтыру, сойлеуді дамыту)</b></p> <p>Балаларды шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасап, көтеріңкі көніл-күйге бөлениуге баулу.</p> <p>Педагог балаларға алдын-ала безендірілген шыршаны көрсетеді.</p>	<p>шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p><b>"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дene шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру;</p>	<p>тәрбиелеу.</p> <p><b>"Қолғап" қимылды жаттығу. (дene шынықтыру, сойлеуді дамыту)</b></p> <p>Балаларды педагогтің соңынан жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көніл-күйге бөлениуді үйрету;</p> <p><b>"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дene шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.</p> <p>- Балалар, ал қазір қолғантарымызben әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.</p> <p>- Қане, қолғапты килеміз, (алақандарды өзара уқалау)</p> <p>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екінші қолды сипау)</p>	<p><b>шынықтыру)</b></p> <p>Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұфымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p><b>"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дene шынықтыру)</b></p> <p>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.</p> <p>- Балалар, қазір әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p><b>"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дene шынықтыру)</b></p> <p>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.</p> <p>- Балалар, қазір әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p>
--	---	---	---	--	---

	<p>Шыршаға қарандар, Таңқалып қалмандар. Бұтақтағы ойыншықпыз, Шеңбердегі аюмыз. Енді, біз түлкіміз, Түлкі болып жүрміз. Коянмен біргеміз, Бірге секіреміз.</p> <p><b>"Шашылған</b> <b>қарларды</b> <b>(доптарды)</b> <b>жинайық"</b> <b>қимылды</b> <b>жаттығуы. (dene</b> <b>шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті</p>	<p>жағымды әсерлерге бөлениге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары, және жасыл таңбалалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалалауышқа сай белгілі</p> <p><b>Балалар педагогтің</b> көрсетуіне елікten, жабайы андарға тәn қимылдарды орындаиды.</p> <p>Балықтай жүземіз, Үндемей күлеміз.</p> <p><b>"Шашылған</b> <b>қарларды</b> <b>(доптарды)</b> <b>жинайық"</b> <b>қимылды</b> <b>жаттығуы. (dene</b> <b>шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті</p>	<p>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандарымен ары-бері бұраңдау)</p> <p>Біз татумыз, біз біргеміз, Шапалақтан, секіреміз.</p> <p>- жасыл таңбалалауыш - қолға рульді ұстағанға ұқсан, ары- бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру; - сары таңбалалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,</p> <p>Жаттығу бірнеше рет қайталанады.</p> <p><b>"Тегіс жолмен</b> <b>жүреміз" ойын</b> <b>жаттығуы. (dene</b> <b>шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (тузу сзызық, жіп бойына) сигнал алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.</p> <p>Жол ашық, машиналар.</p> <p>Бағдаршамда сары шам -</p>	<p>тенселейік: Топ-топ-топ, топ- топ-топ, Оңға, солға тенселейік. Ал енді, пингвиндер, тоқта!</p> <p>Қане, жиналындар сапқа!</p> <p>Бір-бірімізден қалмаймыз, Сапта жүріп-ай, жараймыз! Д. Ахметова</p> <p><b>"Оз орнынды тап"</b> <b>қимылды ойыны.</b> <b>(dene шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (тузу сзызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан- жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа,</p> <p><b>"Шеңберден</b> <b>шықпа" жаттығуы.</b> <b>(dene шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер:</p>	<p>басып, менің сонынан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз.</p> <p>Көрейік. Бұл қай бұрыш?</p> <p>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...</p> <p>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...</p> <p>- Бұл жақта не бар екен?</p> <p>- Тамаша ...</p> <p>Педагог белгілі объектіні</p> <p>тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.</p> <p>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүрү бағыттары аудысады.</p> <p><b>"Шеңберден</b> <b>шықпа" жаттығуы.</b> <b>(dene шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер:</p>
--	--	--	---	--	---

	<p>бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Шапалакта, балалар. Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар. Ойын екі рет өткізіледі. <b>"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (dene шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе- тендікті сақтауға, ептілікке баулу.</p>		<p>достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>балаларды шенберге түрып, шенбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.</p>
Серуеннең оралу	<p><b>Серуеннең кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.</b>  Сылдырлайды мөлдір су,  Мөлдір суға қолынды жу.  Жуынсаң сен әрдайым,  Таза бетің, маңдайың.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				
Түскі ас	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Балаларды тамақтану рәсіміне баулу.  - Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру),</p>				

	<p>Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бұту),  Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ыскылау).  Алақан су, су (саусақтарды қозғау),  Сұлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу),  Тазалықты сақтаймыз (шапалактау).</p> <p>Д. Ахметова  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>										
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.										
<b>Бирте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	<p><b>Керуектегі жаттығулар</b></p> <p>Көзімізді ашайық  Аунап, қунап алайық ,  Ұйқымызды ашайық</p> <p>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф".  "Желдің желпүі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.  "Жел бұлттарды айдайды" - тіzenі құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен алдына-артына тербелу.  (дене шынықтыру)</p>										
<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>										
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)</b>	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 20%;"><b>Қоршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу</b></td> <td style="width: 20%;"><b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Шаңғы жолы".</td> <td style="width: 20%;"><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Қар".</td> <td style="width: 20%;"><b>Музықадан ойын-жаттығу</b> "Ақшақармен би билейік".</td> <td style="width: 20%;"><b>«Ұлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)</b> Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады) Күн жарқырай ашылды</td> </tr> <tr> <td>"Қардың қасиеті". Мақсат-міндеттер.</td> <td>Мақсат-міндеттер.</td> <td>Балаларды қірпіштер арқылы екі жіңішке шаңғы жолын жасауға үйрету;</td> <td>Мырзалиевтің "Қар" өлеңімен таныстыра отырып, қардың</td> <td>Балалардың музыканы тыңдау барысында жоғары</td> </tr> </table>	<b>Қоршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу</b>	<b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Шаңғы жолы".	<b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Қар".	<b>Музықадан ойын-жаттығу</b> "Ақшақармен би билейік".	<b>«Ұлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)</b> Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады) Күн жарқырай ашылды	"Қардың қасиеті". Мақсат-міндеттер.	Мақсат-міндеттер.	Балаларды қірпіштер арқылы екі жіңішке шаңғы жолын жасауға үйрету;	Мырзалиевтің "Қар" өлеңімен таныстыра отырып, қардың	Балалардың музыканы тыңдау барысында жоғары
<b>Қоршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу</b>	<b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Шаңғы жолы".	<b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Қар".	<b>Музықадан ойын-жаттығу</b> "Ақшақармен би билейік".	<b>«Ұлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)</b> Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады) Күн жарқырай ашылды							
"Қардың қасиеті". Мақсат-міндеттер.	Мақсат-міндеттер.	Балаларды қірпіштер арқылы екі жіңішке шаңғы жолын жасауға үйрету;	Мырзалиевтің "Қар" өлеңімен таныстыра отырып, қардың	Балалардың музыканы тыңдау барысында жоғары							

	көзбен көру, саусақты тигізу және қармен ойналатын ойындарға қатысу арқылы оны жақынырақ тануға машықтау; қыс мезгілінде ойналатын ойындар кезінде тәртіп ережелерін сақтауға үйрету.	кірпішті жатқызып, келесі кірпішті бірінші кірпішке қоса білу қабілетін арттыру; екінші жіңішке жолды бірінші жолдың бағытмен құрастыру амалдарына машықтандыру; өз жұмысынан қанағат алу қабілетін арттыру; қыс мезгілі туралы қысқаша түсінік беру. Балалардың құрылымы материалдарының қасиеттерін қабылдау мен кеңістіктегі бағдарлау қабілеттерін арттыру; қолдардың ұсақ моторикасы мен бейімін, зейінін, байқағыштығын дамыту.	табиғи қасиеттері туралы ұфым беру; балалардың тілін, ой- өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту; балалардың жыл мезгілдеріне деген қызығушылықтарын ояту; үйымдастырылған іс- әрекетінде мәдени қарым-қатынасты сақтай білуге тәрбиелеу.	және төмен дыбыстарды ажыраты білу қабілеттерін жетілдіру; қыс мезгіліне қатысты музыканың ыргағы мен сипатына сай үйлесімді кимылдарды жасауға ынталандару.	(қолдарымен күн жасайды) Көктен төмен әдемі ұлпақарлар шашылды. Тәулік бойы тынбайтын, Болайықшы ұлпақар. 1, 2, 3, 4, 5 Ұлпақарлар ұш! (алақандарындағы ұлпақарлаға үрлейді) <b>"Қар" саусақ жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелермен ойындар алдында саусақтарын жаттықтыруға ынталандыру; қолдардың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.
Біз текшени	"Сыяды-		"Нені киесің?" <b>дамытушы жаттығуы.</b>	Мақсат-міндеттер. Балаларды киіну тәртібіне баулу; киім үлгілерін атап, қайда киетінін айтып беруге ынталандыру; өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру;	<b>"Кар" саусақ жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті

	<p>жинаймыз, Мұнараны құраймыз: Жұдырыққа жұдырық Коямыз, санаймыз.</p> <p>Бір, екі, үш, төрт, Бір, екі, үш, төрт, Жұдырыққа жұдырық, Биікке қалаймыз. Д. Ахметова <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>сыймайды"</b> <b>дамытушы ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы үғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту. Педагог алдымен балаларға үлкен және кішкентай қорапшаларды көрсетеді.</p>	<p>зейінін, тілін, ақыл- оыйн дамыту. Құралдар: қуыршақтың қиімдері (киім үлгілерінің жеке суреттері немесе жаңа киімдердің үлгілері). Педагог балалардың алдарына әртүрлі киімдер мен аяқ киімдер, бас киімдер үлгілерін жайып қояды. Балалар қандай киімді қайда киетіндері туралы айтып жатады. <b>(қоршаған ортамен тәнису)</b></p>	<p>немесе бейнежазбаны көрсете алады. Ақ мақтадай ұлпа қар (саусақтарды жыбырлату) Жамылышты қырқалар. (қолдарды төмен бұлғау) Қалың-қалың тоң киіп, (алақандарды бір-біріне уқалау) Маужырайды шыршалар. (қолдарды қосу, үйықтап қалғанды көрсету) Ш. Әлдібекұлы. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	
--	---	--	---	---	--

		<p>Балалардың бір-бірінен соң шығып, бір ойыншықтан алып, көлеміне қарай екі қорапқа салады.</p> <p>Балалар өз әрекеттерін "сыяды" және "сыймайды" сөздерімен сүйемелдейді.</p> <p><b>(сенсорика, сөйлеуді дамыту)</b></p>			
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p><b>"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.</p>	<p><b>Саусақ жаттығуы.</b></p> <p><b>"Қолғап".</b></p> <p>- Қане, қолғапты килеміз,</p> <p>Бір қолды салып көреміз,</p> <p>Екінші жұп қолғапты</p> <p>Киіп алсақ – жарап тұр.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>"Қар жауды"</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Ермексаздан ұсақ кесектерді ұзіп, шарларды илеу амалдарын игерту.</p> <p><b>(мұсіндеу)</b></p>	<p><b>Саусақ жаттығуы.</b></p> <p><b>"Міне, міне, қар жауды".</b></p> <p>- Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету),</p> <p>Міне, жинады тауды (шапалақтау).</p> <p>Міне, ақшақарым-ай (алақандарды ашып, айналдыру),</p> <p>Тонды саусақтарым-ай (алақандарды бір-біріне қою).</p>	<p>Өздері сүйіп көретін мультфильмінің үзіндісін қарау.</p> <p>Басты кейіпкерлердің аттарын жаттау, эннің сөздерін қайталау; жағымды эмоцияларды дамыту. <b>(сөйлеуді дамыту, музыка)</b></p>

	<p>Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, ұздіксіз үрлейді. - Балалар, мамық карды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған ұздіксіз үрлеймін. - Қарға не болды? - Иә, қар ұшып кетті. - Ұзак уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! Қ. Мырзалиев Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындей көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес. <b>(сөйлеуді дамыту,</b></p>		<p>Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау), Міне, басты балақай (кол белде, аяқпен сан түзегендей болып жүреді), Аяқпенен тәй-тәй (кол белде, аяқпен сан түзегендей болып жүреді). Д. Ахметова <b>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b></p>	
--	--	--	---	--

	дене шынықтыру)				
Серуенге дайындық	<p><b>"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".</b>          Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктірімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b>)</p>				
Серуен	<p>Тұскі уақыттаға серуендеңі бақылауды жалғастыру. (<b>қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</b>)</p>				
Серуеннен оралу	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алушы, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (<b>дербес қимыл әрекеті</b>)</p>				
Кешкі ас	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Балаларды тамақтану рәсіміне баулу.          - Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жұру),          Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бұғу),          Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау).          Алакан су, су (саусақтарды қозғау),          Сұлгі алыш, сұртеміз (алақандарды ұйкелеу),          Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау).          Д. Ахметова  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қараша, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталашу. (<b>коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет</b>)          Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әнддер. (<b>музыка</b>)          Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (<b>шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу</b>)          Еркін рөлдік ойындар.</p>				

тағы басқа әрекеттер)	
<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b>	Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың зейін ерекшеліктері", "Баланы қандай тұстремен таныстырыу керек?", "Коршаган заттардың тұстери және баланың денсаулығы".